

**«АҚЫЛ-ОЙЫ ЖӘНЕ ДЕНЕ БІТІМІ ДАМУЫНЫҢ БҰЗЫЛУЛАРЫ БАР
БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕУ
ЖӘНЕ КӘСІБИ-ЕҢБЕКПЕН ОҢАЛТУ ОРТАЛАҒЫ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ**

педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының
білім беру бағдарламасы

**«Оңалту орталықтары мен психологиялық-педагогикалық түзету
кабинеттерінің қызметін тиімді басқару»**

оңалту орталықтары (ОО) мен психологиялық-педагогикалық түзету
кабинеттерінің (ППТК) меңгерушілері мен әдіскерлеріне арналған

АЛМАТЫ 2026

Негіздеме: Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларына сәйкес әзірленді (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығы).

Ұзақтығы: 80 академиялық сағат

Оқыту түрі: күндізгі және аралас (күндізгі-қашықтықтан).

1. Жалпы ережелер

1. «Оңалту орталықтары мен психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің қызметін тиімді басқару» педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) оңалту орталықтарының, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің меңгерушілері мен әдіскерлерін, сондай-ақ арнайы және инклюзивті білім беру жүйесінде басқарушылық және ұйымдастырушылық-әдістемелік қызметті жүзеге асыратын басқа да мамандарды (бұдан әрі – Тыңдаушылар) оқытуды реттейді.

2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында әрбір баланың жеке білім алу қажеттіліктерін ескере отырып, оның оқуы, дамуы және білікті көмек алуы үшін лайықты жағдайларды қамтамасыз ету қажеттігі атап өтілді. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы білім берудің қолжетімділігі мен вариативтілігі принциптеріне, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың психофизикалық, жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оларды оқыту мен дамыту үшін жағдай жасауға бағытталған. Осындай жағдайларда балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесінің негізгі буындары ретінде оңалту орталықтары мен психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерінің рөлі арта түсуде.

Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың қазіргі кезеңі, дамуында түрлі бұзылыстары бар, соның ішінде күрделі және аралас бұзылыстары бар балалар санының артуымен, ерте араласу бағдарламаларының кеңеюімен, сондай-ақ психологиялық-педагогикалық көмектің сапасына қойылатын талаптардың артуымен сипатталады. Бұл білім беру және түзету-дамыту процесін ұйымдастыруға жауапты оңалту орталықтары мен ППТК басшы кадрларының басқарушылық және әдістемелік құзыреттіліктерін жетілдіру қажеттілігін тудырады.

Оңалту орталықтары мен психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің қызметін тиімді басқару мамандардың қызметін жоспарлаудың, үйлестірудің және бағалаудың заманауи тәсілдерін меңгеруді, пәнаралық өзара іс-әрекетті, педагог кадрларды әдістемелік сүйемелдеуді,

сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың отбасыларымен өзара қарым-қатынасты ұйымдастыруды көздейді.

Курсқа дейінгі сауалнамалардың нәтижелерін талдау, мамандардың сұраныстары, оңалту орталықтары мен ППТК тәжірибесінің қысқаша мазмұны келесі бағыттар бойынша басшылар мен әдіскерлер арасында кәсіби қиындықтардың бар екенін көрсетеді:

- 1) оңалту орталықтары мен ППТК қызметін нормативтік-құқықтық және ұйымдастырушылық тұрғыдан қамтамасыз ету;
- 2) балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жоспарлау және үйлестіру;
- 3) мамандарды әдістемелік сүйемелдеу және заманауи түзету-дамыту технологияларын енгізу;
- 4) пәнаралық өзара іс-әрекетті ұйымдастыру;
- 5) орталықтар мен кабинеттердің қызметінің тиімділігін бағалау;
- 6) балалардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) өзара қарым-қатынас жасау.

Анықталған кәсіби қажеттіліктерді талдау оңалту орталықтары мен психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің меңгерушілері мен әдіскерлеріне арналған біліктілікті арттыру курстарының таңдалған тақырыптарының өзектілігі мен практикалық маңыздылығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

3. Тыңдаушылар ең қажетті және маңызды деп белгілеген кәсіби даму бағыттары осы Бағдарламаның тақырыптық модульдерінің құрылымы мен мазмұнын қалыптастыру кезінде ескерілді.

2. Глоссарий

4. Бөлімде бағдарламада пайдаланылатын негізгі ұғымдар айқындалған, оның ішінде:

1) Мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық және медициналық-әлеуметтік қолдау – бұл мамандандырылған әлеуметтік, медициналық және білім беру қызметтерін көрсетуге бағытталған білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау жүйесі ұйымдары қызметінің жиынтығы. Бұл қызмет мүмкіндіктері шектеулі балалардың тыныс-тіршілігіндегі шектеулерді еңсеру немесе олардың орнын толтыру (компенсациялау) үшін жағдай жасауды қамтамасыз етеді және олардың қоғамдық өмірге толыққанды қатысуы үшін, басқа азаматтармен тең мүмкіндіктерді қалыптастыруға ықпал етеді.

2) Оңалту орталығы (ОО) – топтық және жеке түрде түзету-дамыту бағдарламаларын іске асыруды жүзеге асыратын арнайы білім беру ұйымдарының бірі. Орталық туғаннан он сегіз жасқа дейінгі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар мен жасөспірімдерге кешенді психологиялық-медициналық-педагогикалық көмек көрсетеді.

3) Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті (ППТК) – топтық және жеке түрде түзету-дамыту бағдарламаларын іске асыратын және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға кешенді психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуге арналған мамандандырылған білім беру ұйымы.

4) Жеке дамыту бағдарламасы (ЖДБ) – оңалту орталықтары мен ППТК-де баланың психофизикалық және сөйлеу тілінің дамуының ерекшеліктерін, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып әзірленетін бағдарлама. Бағдарлама бала дамуының негізгі бағыттарын: сөйлеу, танымдық, эмоционалдық, қимыл-қозғалыс дамуын және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыруды қамтиды.

5) Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар (балалар) (ЕБҚ бар балалар) – даму ерекшеліктеріне, мінез-құлықтық және эмоционалдық бұзылыстарына, сондай-ақ орта факторларының (әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, лингвистикалық және мәдени) әсеріне байланысты тиісті деңгейдегі білім беру бағдарламаларын меңгеруде уақытша немесе тұрақты қиындықтарға тап болатын адамдар (балалар).

6) Ерекше білім беру қажеттіліктері – ерекше қабілеттердің, туа біткен немесе жүре пайда болған даму бұзылыстарының болуына байланысты, сондай-ақ әлеуметтік ортаның қолайсыз факторларының әсерінен туындайтын, оқу процесінде қосымша көмек пен мамандандырылған қызметтерге деген қажеттіліктер.

7) ХҚЖ–«Тіршілік әрекеті мен денсаулықтың қызмет етуінің, шектелуінің халықаралық жіктемесі» – бұл Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы әзірлеген, адамның денсаулық жағдайын, оның жұмыс істеу ерекшеліктерін, белсенділік деңгейін және қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларына қатысуын, сондай-ақ тіршілік әрекетінің шектелуіне және әлеуметтік бейімделу мүмкіндіктеріне әсер ететін қоршаған орта факторлары мен жеке факторларды сипаттауға және бағалауға арналған халықаралық жіктеу жүйесі.

3. Бағдарламаның тақырыбы

5. Бағдарламаның мазмұны келесі бөлімдерден тұрады:

1) 1-тақырып. Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық базасы: білім беру, психологиялық-педагогикалық көмек;

2) 2-тақырып. Оңалту орталықтары мен психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің (ППТК) жұмысын ұйымдастырудың шетелдік тәжірибесі;

3) 3-тақырып. Оңалту орталықтары мен ППТК қызметін басқару;

4) 4-тақырып. Құжат айналымы мен есептілікті оңтайландыру;

5) 5-тақырып. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу;

6) 6-тақырып. Тіршілік әрекеті мен денсаулықтың қызмет

етуінің, шектелуінің халықаралық жіктемесі (ХҚЖ) шеңберіндегі командалық бағалау және балалардың психоэлеметтік даму мәселелерін кешенді бағалау жүйесі;

7) 7-тақырып. Түзету жұмысының мониторингі;

8) 8-тақырып. ЖДБ жоспарлау және іске асыру;

9) 9-тақырып. ЖДБ-ны бағалау және түзету;

10) 10-тақырып. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың отбасыларымен жұмыс;

11) 11-тақырып. Ата-аналарға психологиялық қолдау көрсету;

12) 12-тақырып. Нәтижелерді қорғау, кейстерді талдау.

«Бағдарламаның тақырыбы» бөлімі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға психологиялық-педагогикалық және медициналық-элеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастырудың заманауи тәсілдерін айқындайды. Бағдарламаның жаңалығы Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық базасын халықаралық тәжірибемен ұштастыруында, «Тіршілік әрекеті мен денсаулықтың қызмет етуінің, шектелуінің халықаралық жіктемесі» (ХҚЖ) командалық бағалау мен түзету жұмыстарын жоспарлаудың негізі ретінде пайдалануында, сондай-ақ оңалту орталықтары мен психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері қызметінің басқарушылық, әдістемелік және практикалық қырларын кешенді түрде қарастыруында болып табылады.

Біліктілікті арттырудың қолданыстағы бағдарламаларын талдау көрсеткендей, олардың көпшілігі негізінен жекелеген түзету әдістеріне бағытталған және жүйелі басқару, құжат айналымын оңтайландыру, түзету жұмысының тиімділігіне мониторинг жүргізу және отбасын сүйемелдеу мәселелерін қамтымайды. Ұқсас бағдарламалардан айырмашылығы, бұл Бағдарлама пәнаралық және практикалық бағыттылыққа ие.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

6. Оңалту орталықтары мен психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері басшыларының бойында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға сапалы психологиялық-педагогикалық көмек ұйымдастыру үшін қажетті басқарушылық және әдістемелік құзыреттіліктерді қалыптастыруға жағдай жасау.

7. Бағдарламаның міндеттері:

1) Инклюзивті және арнайы білім берудің заманауи бағыттарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының арнайы білім беру ұйымдары жүйесіндегі оңалту орталықтары мен психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің рөлі, миссиясы мен функциялары туралы тұтас түсінік қалыптастыру.

2) Психологиялық-педагогикалық көмек көрсету ұйымдарының халықаралық және ұлттық заңнама, қызметтің нормативтік-құқықтық базасы, іс жүргізуді ұйымдастыру және өндірістік-әдістемелік қызметін басқару

саласындағы ОО және ППТК басшылары мен әдіскерлерінің басқарушылық және әдістемелік құзыреттерін дамыту.

3) Диагностикалық мәліметтер мен пәнаралық бағалауды пайдалана отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар мен олардың отбасыларына арналған жеке дамыту бағдарламаларын (ЖДБ) стратегиялық жоспарлау, іске асыру және оларға мониторинг жүргізу қабілетін қалыптастыру.

4) Білім мазмұнын жаңғырту, стандарттарды жаңарту және инклюзивті тәжірбиені енгізу жағдайында педагогикалық қызметкерлерге әдістемелік сүйемелдеу жасау және кәсіби қолдау көрсету құзыреттіліктерін дамыту.

5) Балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау кезінде мамандардың (психолог, логопед, арнайы педагог, ЕДШ нұсқаушысы, әлеуметтік педагог) қызметін үйлестіру тәсілдерін меңгеру, сондай-ақ ХҚЖ ескере отырып топтық бағалауды жүргізудің ұйымдастырушылық-әдістемелік принциптері туралы түсінік қалыптастыру.

6) Ведомствоаралық және ұйымаралық өзара іс-әрекетті қоса алғанда, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға мобильді психологиялық-педагогикалық көмек көрсетудің педагогикалық принциптерін, тәсілдері мен технологияларын ашу.

7) Басшылар мен әдіскерлердің мүмкіндіктері шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету сапасын арттыруға, сүйемелдеудің заманауи модельдерін енгізуге және педагогтердің кәсіби әлеуетін дамытуға бағытталған инновациялық қызметке дайындығын қалыптастыру.

8. Күтілетін нәтижелер. Бағдарлама аяқталғаннан кейін тындаушылар: Білімі мен түсінігі:

1) ҚР арнайы және инклюзивті білім беру жүйесіндегі ОО мен ППТК орны мен рөлін түсінеді;

2) психологиялық-педагогикалық көмек көрсету ұйымдарының қызметін реттейтін халықаралық құжаттар мен Қазақстан Республикасы заңнамасының негізгі ережелерін біледі;

3) ХҚЖ принциптерін, пәнаралық тәсілді және топтық бағалауды түсінеді;

4) мобильді көмек көрсетудің заманауи үлгілерін және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдаудың инновациялық тәжірбиесін біледі.

Шеберлігі

1) ОО мен ППТК қызметін стратегиялық жоспарлауды, соның ішінде жеке дамыту бағдарламаларын әзірлеу мен сүйемелдеуді меңгереді;

2) ХҚЖ ескере отырып, балалардың ерекше білім беру қажеттіліктері командалық бағалауды ұйымдастыруды және үйлестіруді біледі;

3) ЖДБ нәтижелілігіне мониторинг жүргізе алады және оның қорытындыларын басқарушылық әрі әдістемелік шешімдер қабылдау үшін пайдаланады;

4) білім беру мазмұнының өзгеруі мен жаңаруы жағдайында педагогикалық ұжымға әдістемелік қолдау көрсете алады.

Дағдылары мен құзыреттіліктері:

- 1) ОО мен ППТК өндірістік-әдістемелік қызметіне талдау, сараптама жасау және сүйемелдеу дағдыларын меңгереді;
- 2) баланың мүддесі үшін отбасылармен және мамандармен өзара қарым-қатынас ұйымдастыруға қабілетті;
- 3) мобильді және ведомствоаралық үлгілерді қоса алғанда, психологиялық-педагогикалық көмектің инновациялық түрлері мен технологияларын енгізуге дайын;
- 4) білім беру және түзету-дамыту қызметтерінің сапасы үшін лидерлік ұстаным мен жауапкершілікті көрсетеді.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

9. Бағдарлама 5 модульден тұрады: нормативтік-құқықтық, психологиялық-педагогикалық, мазмұндық, технологиялық және вариативтік. Модульдер өзара байланысты және оңалту орталықтары мен психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері басшыларының ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға сапалы психологиялық-педагогикалық көмек ұйымдастыру үшін қажетті басқарушылық және әдістемелік құзыреттіліктерін дәйекті түрде қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

10. Нормативтік-құқықтық модуль:

ҚР арнайы және инклюзивті білім беру жүйесіндегі ОО және ППТК қызметінің нормативтік-құқықтық негіздері.

1) 1-тақырып. Қазақстан Республикасында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету жүйесін дамытудың заманауи тенденциялары.

Мүмкіндіктері шектеулі балаларға көмек көрсетуді ұйымдастыру тәсілдерінің эволюциясы: медициналық, әлеуметтік, әлеуметтік-педагогикалық және биопсихоәлеуметтік модельдер. Оқшауланған көмек түрлерінен пәнаралық және инклюзивті тәсілге көшу. Арнайы және инклюзивті білім беру жүйесіндегі ОО мен ППТК-ның рөлі мен миссиясы. Білім беру мазмұнын жаңарту және баланың даму нәтижелеріне бағдарлау жағдайында ОО мен ППТК қызметін жаңғырту бағыттары.

2) 2-тақырып. ОО және ППТК қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық базаны талдау.

Мүгедектігі бар және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың құқықтары саласындағы халықаралық құжаттар.

ҚР Конституциясы. ҚР Заңдары: «Білім туралы», «Бала құқықтары туралы», «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы». ОО мен ППТК қызметін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілер. Іс қағаздарын жүргізу және басқару құжаттарын ұйымдастыру. Басшының нормативтік талаптардың сақталуына және көрсетілетін қызметтердің сапасына жауапкершілігі.

11. Психологиялық-педагогикалық модуль:

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар мен олардың отбасыларына көмек көрсетуді ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері.

3) 3-тақырып. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері. Ерекше білім беру қажеттіліктерін түсінудің заманауи жіктеу тәсілдері. Даму ерекшеліктерінің психологиялық-педагогикалық көмекті ұйымдастыруға әсері. Баланы қолдау процесіне қатысушы ретінде отбасының қажеттіліктері. Көмек көрсетудің психологиялық-педагогикалық жағдайларын жасаудағы басшы мен әдіскердің рөлі.

4) 4-тақырып. Жеке және атаулы көмектің психологиялық-педагогикалық принциптері. Жеке және саралау тәсілдерінің принциптері. Диагностика, сүйемелдеу, түзету-дамыту жұмысы және мониторингтің бірлігі. Жеке дамыту бағдарламаларының тиімділігінің психологиялық-педагогикалық шарттары. Баланың мүддесі үшін мамандар мен отбасының өзара іс-әрекетін ұйымдастыру.

12. Мазмұндық модуль:

ОО және ППТК қызметін жоспарлау мен ұйымдастырудың мазмұндық негіздері.

5) 5-тақырып. ОО және ППТК қызметін стратегиялық жоспарлау. ОО және ППТК қызметінің мақсаттары мен міндеттері. Балалар мен отбасылардың қажеттіліктерін талдау негізінде ұйымның жұмысын жоспарлау. Стратегиялық және оперативті жоспарлау. Психологиялық-педагогикалық көмектің сапасын басқарудағы басшы мен әдіскердің рөлі.

6) 6-тақырып. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың жеке дамыту бағдарламасы (ЖДБ) және оны сүйемелдеу. ЖДБ – жеке көмек құралы ретінде. Жеке дамыту бағдарламасының құрылымы. ЖДБ-ны жоспарлау кезінде диагностика мен топтық бағалау нәтижелерін пайдалану. ЖДБ нәтижесінің мониторингі және басқарушылық шешімдер қабылдау. Сүйемелдеу нәтижелерін құжаттандыру және талдау.

7) 7-тақырып. Педагогикалық ұжымды әдістемелік сүйемелдеу. ОО және ППТК әдістемелік қызметінің функциялары. Мамандарды әдістемелік сүйемелдеудің түрлері. Білім беруді жаңғырту жағдайында педагогтерді қолдау. Мамандардың кәсіби дамуы және кәсіби эмоционалдық сарқылудың алдын алу.

13. Технологиялық модуль:

Командалық бағалаудың және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға көмек көрсетудің технологиялық негіздері.

8) 8-тақырып. ХҚЖ ескере отырып, ерекше білім беру қажеттіліктерін топтық бағалау. ХҚЖ бағалаудың әдістемелік негізі ретінде. Пәнаралық команда: құрамы, рөлдері, жауапкершілік аймақтары. Командалық бағалауды ұйымдастыру және үйлестіру. Көмекті жоспарлау және мониторинг жүргізу кезінде бағалау нәтижелерін пайдалану.

9) 9-тақырып. Мобильді психологиялық-педагогикалық көмек технологиялары. Мобильді көмек ұғымы және оның модельдері. Мобильді қолдау көрсетудің педагогикалық принциптері. Ведомствоаралық және

ұйымаралық өзара іс-әрекет. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар мен олардың отбасыларына мобильді көмек түрлерін ұйымдастырудағы басшының рөлі.

14. Вариативтік модуль:

Инновациялық қызмет және психологиялық-педагогикалық көмек сапасын дамыту.

10) 10-тақырып. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды сүйемелдеудің инновациялық модельдері. ОО және ППТК қызметіндегі заманауи инновациялық тәжірибелер. Халықаралық және отандық тәжірибені өңірлік жағдайларға бейімдеу. Көмек көрсетудің инновациялық модельдерін жобалау және енгізу.

11) 11-тақырып. Өзгерістерді басқару және педагогтердің кәсіби әлеуетін дамыту. Білім беру ұйымындағы өзгерістерді басқару. Басшы мен әдіскердің лидерлік (көшбасшылық) қасиеттерін дамыту. Педагогикалық ұжымның инновациялық мәдениетін қалыптастыру. Психологиялық-педагогикалық көмек сапасын бағалау және нәтижелер үшін жауапкершілік.

12) 12-тақырып. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың отбасыларымен өзара қарым-қатынасы. Ата-аналармен жұмыс істеу түрлері мен технологиялары. Отбасының үміті және ОО мен ППТК мүмкіндіктері. Отбасымен серіктестік — көмектің тиімділігінің шарты. Ата-аналармен өзара қарым-қатынас тәжірибиесін талдау және жетілдіру.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

15. Біліктілікті арттыру курстары төмендегідей ұйымдастырылды:

1) курстың оқу-тақырыптық жоспарына (бұдан әрі – ОТЖ) сәйкес күндізгі оқу. Оқу ұзақтығы 80 сағатты құрайды. Күндізгі бір апталық курстарды ұйымдастыру кезінде ОТЖ-дағы сағат саны екі есе қысқарады, сабақтардың тақырыптары мен өткізу нысаны өзгеріссіз қалады;

2) курстың оқу-тақырыптық жоспарына сәйкес аралас оқу 2 кезеңде жүзеге асырылады: қашықтықтан оқыту – 56 сағат, күндізгі оқыту – 24 сағат.

Білім беру процесі тыңдаушылардың басқарушылық және әдістемелік құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған және оқытудың белсенді әрі интерактивті әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылады. Олардың қатарына дәрістер, семинарлар, жеке басқарушылық және әдістемелік тәжірибенің проблемалық мәселелерін талқылау бойынша топтық тәжірибиелік сабақтар; білім алушылардың оқу жетістіктеріне педагогикалық диагностика жүргізу үшін деңгейлік бақылау тапсырмаларын әзірлеу, жеке оқу бағдарламалары мен күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды құрастыру, сондай-ақ білім алушылардың жағымсыз іс-әрекеттерін еңсеру әдістерін таңдау және негіздеу бойынша топтық тренингтер; әртүрлі топтағы білім алушыларға саралап және жеке білім беру тәсілдерінің стратегияларын командалық талқылау бойынша шеберлік сабақтары; кейс-әдісі мен дөңгелек үстелдер кіреді.

Тыңдаушылардың Бағдарлама мазмұнын түсіну деңгейін арттыру мақсатында мыналар қарастырылған: әрбір дәрістен кейін өзін-өзі бақылауға

арналған тапсырмаларды орындау; шағын топтарда негізгі теориялық ережелер мен кейс-жағдаяттарды талқылау және кейіннен ұжымдық жұмыс нәтижелерін таныстыру; нормативтік, талдау және әдістемелік құжаттармен жұмыс істеу; педагогтердің командалық өзара қарым-қатынасын дамыту бойынша тренингтер өткізу және оларды талқылау мен рефлексия.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

16. ОО және ППТК басшыларының біліктілігін арттыру бағдарламасын оқу-әдістемелік қамтамасыз ету келесілерді қамтиды:

1) ОО және ППТК басшылары мен әдіскерлерінің басқарушылық және әдістемелік құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған біліктілікті арттыру бағдарламасын;

2) басқарушылық және әдістемелік шешімдердің тиімділігін талдау мен бағалауға бағытталған аралық және қорытынды бақылау тапсырмаларын орындауға арналған диагностикалық және бақылау материалдарын (сауалнама парақтары, нұсқаулықтар мен әдістемелік ұсынымдар);

3) білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау (педагогикалық диагностика) процестерін талдауға, сондай-ақ педагогикалық мінездемелерді әзірлеу мен талдауға арналған білім беру және басқарушылық тәжірибе мысалдары қамтылған үлестірмелі және талдау материалдар;

4) білім алушылардың жетістіктерін критериалды және сипаттамалық бағалауды енгізу материалдарын қоса алғанда, оқу процесін жобалау және сүйемелдеу бойынша басқарушылық және әдістемелік құжаттаманың үлгілері;

5) ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың жеке оқу бағдарламалары мен жеке білім беру маршруттарының мысалдары мен шаблондары;

6) жеңіл және орташа зерде бұзылысы бар білім алушылардың білім беру ортасын түрлендіру мен қолдау көрсетудің тиімді тәжірибесін көрсететін бейнематериалдар;

7) жеңіл және орташа зерде бұзылыстары бар білім алушылар үшін оқу процесін ұйымдастыру және басқару бойынша басшылар мен әдіскерлерге арналған әдістемелік ұсынымдар, сондай-ақ білім алушылардың жағымсыз іс-әрекеттерінің алдын алу және оны еңсеру бойынша ұсынымдар.

8. Оқу нәтижелерін бағалау

17. Тыңдаушылардың білімін бақылау мен бағалау ағымдағы және қорытынды бақылау арқылы жүзеге асырылады.

Қалыптастырушы (формативті) бағалау аралық бақылау жүргізу және білім мен дағдыларды түзету үшін қолданылады. Ол әр тақырып бойынша негізгі сұрақтарға ауызша немесе жазбаша жауап беру (өзін-өзі тексеру тапсырмалары), практикалық тапсырмаларды орындау, педагогикалық міндеттерді шешу, педагогикалық құжаттамамен жұмыс істеу түрінде іске асырылады. Өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар (әр тақырып бойынша

негізгі сұрақтар), практикалық тапсырмаларды орындау бойынша ұсынымдар, жұмыс құжаттамасының үлгілері ұсынылады. Тапсырмаларды орындау барысында тыңдаушыларға топтық және жеке сұраныстар бойынша кеңес беру қамтамасыз етіледі. Оқытушы тыңдаушылардың тапсырмаларды кестеге сәйкес орындауын бақылайды, тыңдаушының жұмысының сапасын жақсарту жолдарын көрсете отырып, толық кері байланыс береді.

Қорытынды бағалау әр тақырып бойынша ашық сұрақтарға жауап беру түрінде өткізіледі, бұл курс барысында алынған ақпаратты түсінгендіктерін және терминологияның дұрыс қолданылуын бақылауға мүмкіндік береді. Жетістіктерді қорытынды бағалау үшін модульде оқытылатын әрбір тақырыпқа 2 сұрақтан келетін ашық сұрақтар банкі әзірленген. Әрбір сұрақтың тексеруге және өзін-өзі тексеруге арналған жауап эталоны (үлгісі) бар. Жауаптың дұрыстығы мен толықтығы бағаланады. Қате жауап – 0 балл; толық емес жауап – 1 балл; дұрыс және толық жауап – 2 балл. Қорытынды бақылау жұмысы кемінде 20 балл (50%) жинаған жағдайда есептелінеді.

9. Курстан кейінгі қолдау

18. ОО және ППТК басшылары мен әдіскерлерін курстан кейінгі сүйемелдеу біліктілікті арттыру курстары аяқталғаннан кейін бір жыл бойы жүзеге асырылады және оқу барысында меңгерілген басқарушылық және әдістемелік тәжірибиелерді енгізу мен дамытуды қолдауға бағытталған.

Курстан кейінгі сүйемелдеу форматы — цифрлық және коммуникациялық платформаларды пайдалана отырып, қашықтықтан жүргізіледі.

19. Курстан кейінгі сүйемелдеудің түрлері мен әдістері мыналарды қамтиды:

1) оқу нәтижелері бойынша құрастырылған және оқытушымен (тьютормен) келісілген курстан кейінгі тәжірибеде басшының/әдіскердің кәсіби дамуының жеке траекториясын әзірлеу және іске асыру;

2) ОО және ППТК қызметінде алған білімдері мен басқарушылық шешімдерін енгізу нәтижелерін талқылау және презентациялармен вебинарлар өткізу;

3) білім беру ұйымдарын әдістемелік және басқарушылық сүйемелдеу мәселелері бойынша жеке және топтық онлайн-консультациялар.

4) тәжірибе алмасу, басқарушылық және әдістемелік тәжірибедегі өзгерістерді талдау, зерттеу нәтижелері мен енгізілген модельдерді талқылау бойынша дөңгелек үстелдер мен онлайн-форумдар ұйымдастыру;

5) электрондық поштаны, мобильді байланысты және әлеуметтік желілерді пайдалана отырып, қашықтықтан кеңес беру.

Курстан кейінгі сүйемелдеудің тиімділігіне мониторинг жасау, жыл сайын ұсынылған жұмыстарды, есептерді және нәтижелерін талдау негізінде жүзеге асырылады.

Мониторинг нәтижелері келесі мақсаттарда қолданылады:

- біліктілікті арттыру Бағдарламасын түзету және өзектендіру;

- курстардың мазмұнын және ОО мен ППТК басшыларын әдістемелік сүйемелдеу механизмдерін жетілдіру.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

20. Курс бойынша негізгі әдебиеттер:

- 1) Қазақстан Республикасының ««Білім туралы» Заңы.
- 2) Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы.
- 3) Тіршілік әрекеті мен денсаулықтың қызмет етуінің, шектелуінің халықаралық жіктемесі (ХҚЖ) .
- 4) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңы.
- 5) «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы.
- 6) Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы.
- 7) Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығы.
- 8) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.
- 9) Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 611 Жарлығы.
- 10) Педагогтерді аттестаттауды өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы.
- 11) «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы.
- 12) «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы». Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы.

13) Ерсарина А.К. Социальная и коррекционно-педагогическая работа с детьми раннего возраста с задержкой психомоторного развития. Алматы, 2017.

14) Ерсарина А.К. Система комплексной оценки проблем психосоциального развития детей раннего возраста: методические рекомендации. Алматы, 2017.

15) Елисеева И.Г., Аханова Ж.Б. Использование упражнений обыденной жизни в развивающей работе с детьми с особыми образовательными потребностями Алматы, 2018.

16) Елисеева И.Г. Особенности использования методик коррекционно-развивающей работы с детьми с особыми образовательными потребностями в условиях реабилитационного центра и кабинета психолого-педагогической коррекции Алматы, 2017.

17) Практическая нейропсихология. Помощь неуспевающему школьнику. под ред. Ж.М.Глоzman. – М., 2009.

18) Оразаева Г.С., Нурушева Г.А. Организация работы с детьми с особыми образовательными потребностями в условиях кабинета психолого-педагогической коррекции. Алматы, 2019.

19) Коржова Г.М., Баймуратова А.Т., Вишневская Т.А., Пашигорева И.В. «Рекомендации по адаптации образовательных программ для детей с особыми образовательными потребностями в дошкольных организациях образования» Алматы, 2019

20) Коржова Г.М., Кенжеева А.К. Проектирование работы по включению родителей детей с особыми образовательными потребностями в коррекционный процесс. Алматы, 2017.

21) Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе / пособие. Алматы:2019

22) Байменова Б. С. Развитие инклюзивного образования в Казахстане и за рубежом / Учебное пособие. 2019.

23) Наумов А. А., и др. Сопровождение ребёнка дошкольного возраста с ограниченными возможностями здоровья / учебник. Пермь 2013.

24) Рассудова Л. А. Психолого-педагогическая диагностика обучающихся с особыми образовательными потребностями / учебное пособие. Омск 2020.

25) Елисеева И. Г., Ерсарина А. К. Методические рекомендации по психолого-педагогическому сопровождению детей с ООП. ННПЦ КП,

26) Karibaev Z., Autaeva A., Makhambetova A. (2025). Психологическая поддержка детей с ООП в условиях инклюзивного образования / Научно-пед. журнал «Білім-Образование»

21. Қосымша әдебиеттер:

1) Безруких М.М. Проблемные дети. М., 2000.

2) Сиротюк А.Л. Нейропсихологическое и психофизиологическое сопровождение обучения. – М.:ТЦ Сфера,2003.

- 3) Никольская О. С., Баенская Е. Р., Либлинг М. М. Дети и подростки с аутизмом: Психологическое сопровождение. - М., 2005.
- 4) Нуриева Л.Г. Развитие речи аутичных детей. - М., 2009.
- 5) Технология нейропсихологической коррекции трудностей школьного обучения: Методические рекомендации / сост. А.К.Ерсарина, Г.К.Кудайбергенова, К.Б.Досыбаева, Т.Н. Алмазова. – Алматы 2015
- 6) Течнер С., Мартинсен Х. Введение в альтернативную и дополнительную коммуникацию. Жесты и графические символы для людей с двигательными и интеллектуальными нарушениями, с расстройствами аутистического спектра. - М., 2017.
- 7) Танцюра С.Ю., Кононова С.И. Альтернативная коммуникация в обучении детей с ОВЗ: методическое пособие. — М.: ТЦ Сфера, 2017.
- 8) Эльконин Д. Б. Развитие речи в дошкольном возрасте. М.: Педагогика, 1978